

Қамқоршылық кеңесінің отырысы
Хаттама №1

Өткен күні: 15.10.2025 ж.

Өткен орны: Қожаберген жырау атындағы №6 орта мектебі

Қатысқандар:

1. Нурманова Асем Аргиновна
2. Абишева Макпал Жанатовна
3. Бәри Ғабдолқапар Жапарұлы
4. Бегжанова Алтын Каиркеновна
5. Сенкибаева Алия Сериковна
6. Сердалинова Сыбат Дауытовна
7. Мухамеджанов Жанат Кабдулрахимұлы

Шақырылғандар: 2

1. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Л.М. Мольдинова
2. Әлеуметтік ұстаз А.Ж. Бейсенбаева

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңесінің құрамын бекіту, жұмысын ұйымдастыру және сайлау тәртібі қағидаларымен таныстыру.
2. 2025–2026 оқу жылында «Мектепке жол» акциясын ұйымдастыру. Мектепке келіп оқуға жағдайы төмен, толық емес және аз қамтамасыз етілген, көпбалалы отбасынан шыққан оқушыларға көмек көрсетіп, тегін ыстық тамақпен қамту және оқулықпен қамтамасыз ету, қол ұшын беріп, жәрдем ету. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарлама аясында біріздендіруді жүргізу.
3. Мектеп оқушыларының ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі және асхана жұмысын бақылау.
4. Мектептегі оқушылар өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Мектептің ішкі тәртіп ережелері мен мектеп формасын сақтау.
5. Аз қамтылған отбасы және тәрбиеленушілерге көмек көрсету жолдарын қарастыру.
6. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, жетім, жартылай жетім балаларға көмек көрсету.
7. Мектепішілік іс-шараларға қамқоршылық кеңес мүшелерінің қатысуы.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша кеңестің жаңа құрамы таныстырылып, бекітілді. Кеңес төрайымы етіп Нурманова Асем Аргиновна, хатшы болып Бөкен Гүлдана Әлібекқызы сайланды. Кеңес мүшелерімен ережелер мен құқықтық міндеттемелер таныстырылды.

Екінші мәселе бойынша Бейсенбаева А.Ж. «Мектепке жол» акциясы бойынша баяндама жасады. Аз қамтылған, көпбалалы және толық емес отбасылардан шыққан оқушыларға көмек көрсету бағытында атқарылатын жұмыстармен таныстырды. Кеңес мүшелері материалдық көмек, тегін ыстық тамақ, оқулықпен қамтамасыз ету және қолдау көрсету бойынша ұсыныстарын білдірді. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында мектеппен бірлесе жұмыс жүргізу ұсынылды.

Үшінші мәселе бойынша асханадағы санитарлық талаптар сақталуы, мәзірдің толықтығы және сапасы қаралды. Кеңес мүшелері асхана жұмысын аралап көріп, есеп жасалды.

Төртінші мәселе бойынша мектептегі оқушылар өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында бірқатар шаралар атқарылды. Атап айтқанда, мектептің ішкі тәртіп ережелерін сақтау, сабаққа себепсіз кешігу мен қалуды болдырмау, тәртіптілікке баулу жұмыстары жалғасын тапты. Оқушылардың мектеп формасын сақтау мәселесі де қатаң назарда ұсталды. Бұл – мектептің бірыңғай тәртібі мен ұқыптылығын қамтамасыз ететін маңызды талап. Форманы сақтамау жағдайларында оқушылармен және ата-аналармен түсіндірме жұмыстары жүргізіліп отырды. Мектеп ішінде бейнебақылау орнатылып, кезекшілік ұйымдастырылып, қауіпсіздік ережелері бойынша нұсқаулықтар жүйелі түрде өткізіліп отырды.

Бесінші мәселе бойынша әлеуметтік ұстаз аз қамтылған отбасылар бойынша мәлімет берді. Кеңес мүшелері қайырымдылық шараларын ұйымдастыру, демеушілер тарту жөнінде ұсыныстар айтты.

Алтыншы мәселе бойынша керекті мәліметтер ұсынылып, балаларға қажетті материалдық және моральдық көмек көрсету қарастырылды. Қажет жағдайда қосымша қолдау көрсету туралы шешім қабылданды.

Жетінші мәселе бойынша кеңес мүшелері мектептің тәрбие жұмысына, іс-шараларына және мерекелеріне жүйелі түрде қатысып отыруға келісім берді.

Шешім:

Ата-аналар қолдауымен

1. Кеңес құрамы бекітілсін, ережелерімен толық таныстырылсын.
2. «Мектепке жол» акциясы аясында мектеппен бірлесе отырып, көмек көрсету шаралары ұйымдастырылсын.
3. Асхана жұмысына және ыстық тамақ сапасына тұрақты бақылау жүргізілсін.
4. Оқушылардың қауіпсіздігі мен мектеп тәртібін сақтау бойынша жұмыстар күшейтілсін.
5. Аз қамтылған отбасыларға көмек көрсету шаралары жоспарға сәйкес жүзеге асырылсын.
6. Жетім және жартылай жетім балаларға көмек көрсету бойынша қажетті іс-шаралар қамтамасыз етілсін.
7. Қамқоршылық кеңес мүшелері мектепішілік іс-шараларға қатысып отыратын болсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:  Нурманова Асем Аргиновна

Хатшы:  Бөкен Гүлдана Әлібекқызы

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

 Абишева Макпал Жанатовна
 Бәри Ғабдолқапар Жапарұлы
 Бегжанова Алтын Каиркеновна
 Сенкибаева Алия Сериковна
 Сердалинова Сымбат Дауытовна
 Мухамеджанов Жанат Кабдулрахимұлы